

«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау
«Менің Отаным – Қазақстан» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау
«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау
«Менің Отаным – Қазақстан» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау Әдебиеттік оқу
Сынып 4 « »

Күні

Оқушының аты-жөні _____

Орындау уақыты 20 минут

І нұсқа

1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Кестедегі сұрақтарға жауап бер.

Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Ол жер көлемі жағынан дүниежүзінде тоғызыншы, мұхитпен шектеспейтін елдердің арасында бірінші орын алады. Қазақстан жері батысындағы Каспий маңы ойпатынан шығысындағы Алтай тауларына дейін, солтүстігі Батыс Сібірг, оңтүстігі Тянь- Шань тауларына дейін созылып жатыр. Жерінің кеңдігі соншалық оңтүстігі мен солтүстігінің табиғаты да бір-біріне ұқсамайды. Оңтүстігінде жемістер гүлдеп жатқанда, солтүстігінде әлі қар жатады.

Қазақстанның табиғаты өте әдемі. Жері пайдалы қазбаларға бай.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіздігін 1991 жылы алды. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздік мерекесі тойланады. Қазақстанның өз рәміздері бар. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Мұнда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Олар тату-тәтті ғұмыр кешуде. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Біз отанымызды мақтан етеміз.

| Сұрақтар | Жауаптар |
|--|----------|
| Қазақстанның жер көлемі бойынша нешінші орында ? | |
| 1991 жылы қандай оқиға болды? | |

(2)

Мәтін бойынша бір сұрақ құрастырып жаз. Жауабын жаз.

(1)

2-тапсырма Берілген суреттер мен тірек сөздерді қолданып, «Отаным мақтанышым» тақырыбында сөйле



(4)



3-тапсырма.Өлеңнен аллитерацияны тауып астын сыз.

Кең дала, жасыл орман, алтын алқап,

Көгілдір көк тұңғиық, көгілдір ат,

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|--|------------|---|--------|
| | | Білім алушы | |
| Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Шығарманың мазмұнына қатысты нақтылау сұрақтарын қояды, және жауап береді | 1 | Мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап береді - Бірінші сұраққа - Екінші сұраққа | 1 1 |
| | | Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырады және жауап береді. | 2 |
| Иллюстрациялардың, суреттердің негізінде әңгімелейді. | 2 | Тақырыпқа сәйкес мәтін құрап айтады | 2 |
| | | Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтайды. | 1 |
| | | Тірек сөздерді орынды қолданады. | 1 |
| | | Ойын жүйелі, әсерлі, еркін жеткізеді | 1 |
| Өлеңнен аллитерацияны тауып астын сызады | 3 | Өлеңнен аллитерацияны тауып астын сызады | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

«Менің Отаным – Қазақстан» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау Әдебиеттік оқу

Сынып 4 « »

Күні

Оқушының аты-жөні _____

Орындау уақыты 20 минут

II нұсқа

1-тапсырма а) Мәтінді мұқият тыңда. Кестедегі сұрақтарға жауап бер.

Менің туып өскен жерім - егеменді Қазақстан. Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Қазақстан жерінде аңдар мен құстар, неше түрлі жануарлар тіршілік етеді. Сол жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып өскен.

Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отаның-алтын бесігің», «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық»- деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүй, өз ана тілін ардақтау - әрбір азаматтың бірінші міндеті.

Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең деп ойлаймын. Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен тарап, ана тілімен дарып, ақ нанымен бекуі тиіс

| Сұрақтар | Жауаптар |
|-----------------------------------|----------|
| Қазақстанның табиғаты қандай? | |
| Ата-бабаларымыздың ерлігі қандай? | |

(2)

Мәтін бойынша бір сұрақ құрастырып жаз. Жауабын жаз.

(1)

2-тапсырма Берілген суреттер мен тірек сөздерді қолданып, «Отаным – мақтанышым» тақырыбында сөйле. Тірек сөздер: қорғау, туған ел, тәуелсіз, көп ұлтты, Медеу мұзайдыны.



3-тапсырма.Өлеңнен аллитерацияны тауып астын сыз.

Дос болам десең,
Досыңды сыйла, қымбаттым!
Досыңа сонда,

Досыммен ғана қымбатпын.

Дос болам десен,

Мендегі доспен достасқын,

Сендегі доспен дос болып сонда тұрмақпын(1)

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|--|------------|---|--------|
| | | Білім алушы | |
| Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Шығарманың мазмұнына қатысты нақтылау сұрақтарын қояды, және жауап береді | 1 | Мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап береді - Бірінші сұраққа - Екінші сұраққа | 1 1 |
| | | Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырады және жауабын жазады | 2 |
| Иллюстрациялардың, суреттердің негізінде әңгімелейді. | 2 | Тақырыпқа сәйкес мәтін құрап айтады | 2 |
| | | Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтайды. | 1 |
| | | Тірек сөздерді орынды қолданады. | 1 |
| | | Ойын жүйелі, әсерлі, еркін жеткізеді | 1 |
| Өлеңнен аллитерацияны тауып астын сызады | 3 | Өлеңнен аллитерацияны тауып астын сызады | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

4.1.1.1 шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру

4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру

4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану.

I –нұсқа

1 тапсырма.

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында

Бозторғай өзінің туысы қараторғаймен көрші тұрады. Ол ертелі –кеш ән салып, көңілін көтеретін еді. Қараторғайдың да шықылдап бірсыдырғы ыңылдайтын «әндері» болатын. Бозторғайдың әнінен кейін, қараторғайдың шикылы аяқ асты болып, ескерусіз қалды. Өзін әншілердің санатына қосып жүрген қараторғайды күншілдік жеңді. Бозторғай әндете бастаса, қабағын түйіп, ашуын шақырып:

-Сен –ақ шикылдаудан жалықпайды екенсің? Не дауыс, не әуен жоқ, сенің әніңді кім тыңдасын, -деп жақтырмайтын.

Енді бозторғай жазық далаға кетіп әндететінді шығарды. Оның әнін жалпақ дала мен ондағы тіршілік тыңдады. Кең аспанда салған ән бұрынғыдан да әуенді естілетін.

-Тым биік көтерілмесеңші. Мерт боларсың, -деп аяған болады қараторғай.

«Жақыннан тістескенше, алыстан кісінескен артық» деген емес пе, алыстан әуендірек естіледі, -деді бозторғай.

1) Мәтінге тақырып қой. _____

2) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес мақал-мәтелді анықта.

- A) Күншілдің күні қараң
- B) Әркімнің өзі шығар биігі бар
- C) Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде
- D) Айтысып сөзге келгенше, ақылменен жөнге кел

3) Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсың? Мәтіннен дәлелдер келтір.

4) Мәтін кейіпкерлеріне мінездеме беріп, сипатта

1) _____

2) _____

2-тапсырма

Оқылымға берілген мәтінді үш бөлікке бөліп, әр бөліктің басталар жерін V таңбасымен белгіле. Әр бөлікке ат қой

| Мәтіннің бөліктері | Тақырып |
|--------------------|---------|
| Кіріспе | |
| Негізгі бөлім | |
| Қорытынды | |

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|---|------------|--|-----------|
| Мәтіннің негізгі ойын анықтап, тақырып қояды. Автордың ойына мәтіннен дәлелдер келтіреді. | 1 | мәтінге тақырып қояды; | 1 |
| | | мәтіннің негізгі ойына сәйкес мақалды анықтайды; | 1 |
| | | автордың ойын мәтіннен дәлелдер келтіре отырып сипаттайды; | 1 |
| | | бірінші кейіпкерге мінездеме беріп, сипаттайды | 1 |
| | | екінші кейіпкерге мінездеме беріп, сипаттайды | 1 |
| Мәтінді бөліктерге бөліп, ат қояды | 2 | мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды; | 1 |
| | | мәтіннің әр бөлігіне сәйкес тақырып қояды; | 1 |
| | | - кіріспе | 1 |
| | | - негізгі бөлім | 1 |
| | | - қорытынды | |
| Барлығы | | | 10 |

«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау.№2

Пәні: әдебиеттік оқу

Күні:

Сыныбы 4 « »

Орындау уақыты 20 минут

Оқушының аты-жөні _____

II нұсқа

1-тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында

Дикан атызға бір түп гүл әкеп отырғызды. Құнарлы жерге отырғызылған гүл күннен-күнге тамыр жайып, өсе берді. Бәріне де ынтық: мөп-мөлдір суға да, тап-таза ауаға да, күннің нұрына да. Бәріне де еркелей, құмарлана қараудан жалықпайды. Өзін әкеліп отырғызған адамға да разы. Бір күні:

– Әй, сен көп асқақтама. Әлі өмірге келгеніңе өкінетін боласың, - деген шіңкілдек дауысқа жалт қараса, төменде ұсқынсыз тырбық шөп басын қылтитып тұр екен.

Гүлдің көңілі ортайып, жабырқап қалды. Ештеңе дей алған жоқ. Көздері жасаурап кетті. Бірте-бірте солып, сарғая бастады. Амалсыз жанындағы өзінен жасы үлкен гүлге басын сүйеді.

– Жабырқама! Сабыр ет!- деп жұбатты ол. – Адамдар оны «арам шөп» деп атайды. Ол өз басынан басқа ешнәрсе ойламайды. Одан әлі-ақ құтыламыз. Жамандардың өмірі әманда қысқа.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой. Жас гүлдің көңілі біраз көтеріліп қалды. Үлкен гүлдің айтқаны рас болды. Ертеңіне адам келді де, арам шөпті тамырымен жұлып тастады.

Гүл қайтадан құлпырды. Көп сырды ұқты. Өмірде жақсылар да, жамандар да бар екен.

1) Мәтінге тақырып қой. _____

2) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес мақал-мәтелді анықта.

- A) Күншілдің күні қараң
- B) Әркімнің өзі шығар биігі бар
- C) Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде
- D) Айтысып сөзге келгенше, ақылменен жөнге кел

3) Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсың? Мәтіннен дәлелдер келтір.

4) Мәтін кейіпкерлеріне мінездеме беріп, сипатта

1) _____

2) _____

2 тапсырма

Оқылымға берілген мәтінді үш бөлікке бөліп, әр бөліктің басталар жерін V таңбасымен белгіле. Әр бөлікке ат қой

| Мәтіннің бөліктері | | Тақырып | |
|--|------------|---|-----------|
| Кіріспе | | | |
| Негізгі бөлім | | | |
| Қорытынды | | | |
| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
| Мәтіннің негізгі ойын анықтап, тақырып қояды. Автордың ойына мәтінен дәлелдер келтіреді. | 1 | мәтінге тақырып қояды; | 1 |
| | | мәтіннің негізгі ойына сәйкес мақалды анықтайды; | 1 |
| | | автордың ойын мәтінен дәлелдер келтіре отырып сипаттайды; | 1 |
| | | бірінші кейіпкерге мінездеме беріп, сипаттайды | 1 |
| | | бірінші кейіпкерге мінездеме беріп, сипаттайды | 1 |
| Мәтінді бөліктерге бөліп, ат қояды | 2 | мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды; | 1 |
| | | мәтіннің әр бөлігіне сәйкес тақырып қояды; | 1 |
| | | - кіріспе | 1 |
| | | - негізгі бөлім | 1 |
| | | - қорытынды | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу

4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау

4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша 1-тоқсанға арналған тоқсандық жиынтық бағалау

Күні

Сынып 4 «»

Оқушының аты-жөні _____

I нұсқа

Тыңдалым және айтылым

1-тапсырма Мәтінді мұқият тыңда. Мәтіннің тақырыбына сүйеніп, берілген оқиғаның дамуына болжам жаса. Жасаған болжамыңның себебін түсіндір.

Біздің Отанымыз – Қазақстан

- Сіз қай елден келдіңіз? – деп сұрады бірде менен француз жазушысы Мәскеуде жолыққанда.
- Қазақстан Республикасынан.
- О, мен Қазақстанды білемін. Қандай үлкен, ғажап ел! Оның жеріне бес Франция сыйып кетер еді!
- Иә, - дедім мен мақтанш ты сезіммен. Қазақ даласы кенді Алтайдан Атырауға дейін созылады. Қазақ жері алтын мен күміске, темір мен көмірге, мұнай мен газға аса бай. Біздің егістікте бидай мен күріш, сұлы мен тары, аппақ қардай ақ мақта да өседі. Көлеміне көз жетпес бақшалардан шырынды алма, алмұрт, өрік тереміз.

[2]

2- тапсырма Суреттерді пайдаланып, тыңдалған мәтінге сәйкес әңгіме құрап айт.



[4]

Оқылым 3- тапсырма Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Қоңыр күз. Күн көзі көрінгенімен, ауа салқын. Есік алдындағы жиде әбден піскен. Көрші үйдегі әжей кішкентай Нұргүлді шақырды.

– Келе ғой, Нұргүл. Жидені теріс. Бір өзім үлгере алар емеспін. Биыл өте көп салыпты, – деп Нұргүлді демде-ақ жанына үйіріп алды.

– Әрине, әже, көмектесемін, – деп Нұргүл үлкен тостакка жидені теріп, сала бастады.

Жиде ағашының қол жетер жеріндегі өнімін екеулеп, әп-сәтте теріп алды. Содан соң әжей жиде ағашын қолымен сілкіп-сілкіп қалды. Жиделер жерге топ-топ етіп түсе бастады.

– О, әже, жиденің бәрі түсіп қалды.

– Ә, уақыты болды. Күн суымай, жинап алу керек. Міне, екеуіміз ешбір қиналмай, қапты да толтырдық, – деп әжей риза көңілін жасыра алмады.

Нұргүл жиде тергенімен, шаршаған жоқ. Көрші үйдегі әжейдің «Айналайын, Нұргүл болмаса бұл жидені түгел теріп алу қайда?», «Нұргүл қарағым, қолғанат болып қалыпсың» деген жылы сөздері көңілін өсірді.

– Мынау сенің сыбаған, Нұргүл. Үлкен қыз бол! – деп батасын берді әжей.

Әженің алғыс сөзінен Нұргүлдің мерейі тасыды. Әжейдің қолынан тостак толы жидені алып, үйіне қарай томпадап, жүгіре жөнелді.

1) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес болатын мақал -мәтелді анықтап, белгіле (+).

Жақсы сөз – жан азығы

Жақсылық еккен алғыс орады

2) Мәтінге тақырып қой

3) Нұргүлдің шаршамай жұмыс істеуіне не себеп болды?

4) Төртінші абзацтағы «мерейі тасыды» деген сөз тіркесі қандай мағынаны білдіреді? Жаз

5) Мәтін бойынша кейіпкердің мінез-құлқын немесе іс-әрекетін бағалайтын сұрақ құрастыр және жауап бер. Сұрақ:

Жауап:

[6]

Жазылым

4-тапсырма Оқылымға берілген мәтінге жаңа кейіпкер немесе оқиға қосып, мәтінді аяқтап жаз.

[6]

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалау

Күні

Сынып 4 « »

Оқушының аты-жөні _____

II нұсқа

Тыңдалым және айтылым

1-тапсырма Мәтінді мұқият тыңда. Мәтіннің тақырыбына сүйеніп, берілген оқиғаның дамуына болжам жаса. Жасаған болжамыңның себебін түсіндір.

Біздің қала

Біз Алматы қаласында тұрамыз. Алматы қаласы – ең әдемі қалалардың бірі. Таудан төмен қарай созылған тіп-тік, әдемі көшелері неше түрлі ағаштармен көмкерілген. Көшелердің екі жағынан сылдыраған мөлдір бұлақтар ағып жатады. Достық атындағы сарай, Спорт сарайы, Оқушылар сарайы және көп қабатты қонақ үйлер өздерінің керемет көркемдігімен көздің жауын алады. Қаланың оңтүстігін басынан өмір бойы қар кетпейтін ақ бас Алатау қоршаған. Тау беттерін қысы-жазы өзгермей, ылғи жап-жасыл болып тұратын шыршалар мен қарағайлар, ақ қайындар жапқан.

[2]

2- тапсырма Суреттерді пайдаланып, тыңдалған мәтінге сәйкес әңгіме құрап айт.



[4]

Оқылым 3- тапсырма Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Біреудің ерке ұлы болыпты, өзі жалқау екен. Әкесі оны бағып-қағып, асырапты. Ақыры кәрілік жеңіп, сырқаты күшейген әке әйеліне айтыпты:

-Ұлыма ештеңе қалдырмаймын. Ол – жалқау. Барды ұқсату, табыс табу бұның қолынан келмейді.

Жаны ашыған анасы ұлына он сомдық алтын береді: «Мынаны еңбегіме алған едім», - деп, әкеңе алтынды сыйлағайсың.

Кешке алтынды әкесіне ұсынады. Алтынды шал лаулап жанып жатқан пешке лақтырып жіберіп:

-Бұл сенің еңбекпен тапқан ақшаң емес, - депті.

Қулықтан ештеңе шықпайтынын білген анасы:

-Біз әкенді алдай алмайтын көрінеміз, балам. Онан да ақшаны жұмыс істеп тап, - деп ақыл айтыпты.

Бала үйінен кетіп, апта бойы жұмыс істейді. Тапқан тиынын әкесіне әкеп береді. Қария алтынды тағы да отқа лақтырып жібереді. Бұған ұлы шыдай алмай, жалаңаш қолымен ақшаны суырып алады да:

-Әке! Мен бұл тиынды апта бойы шаршап-шалдығып жүріп таптым. Мұныңыз қалай? – деп айқай салыпты.

Әкесі тұрып:

-Бұл ақшаны өз еңбегіңмен тапқан екенсің, балам. Көзім енді жетті, - депті ұлына

1) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес болатын мақал -мәтелді анықтап, белгіле (+).

Отан елдің анасы, Ел ердің анасы.

Еңбегіне қарай — құрмет,
Жасына қарай — ізет.

2) Мәтінге тақырып қой

3) Анасы ұлына не деп тапсырады?

4) Төртінші абзацтағы «жалаңаш қолымен» деген сөз тіркесі қандай мағынаны білдіреді? Жаз

5) Мәтін бойынша кейіпкердің мінез-құлқын немесе іс-әрекетін бағалайтын сұрақ құрастыр және жауап бер.

Сұрақ: _____

Жауап: _____

[6]

Жазылым 4-тапсырма Оқылымға берілген мәтінге жаңа кейіпкер немесе оқиға қосып, мәтінді аяқтап жаз.

| Сөйлеу әрекеті | Сөйлеу әрекеті | Сөйлеу әрекеті | Сөйлеу әрекеті |
|----------------------|--|----------------|--|
| Тыңдалы және айтылым | Білім алушының ықтимал жауабы: Мәтіннің кейіпкері сұхбаттасына өз елінің атақты тұлғалары, халқының ерекшелігі, мемлекеті туралы мақтанышпен әңгімелеп береді. Себебі мәтіннің бастапқы бөлімінде кейіпкердің өз елінің табиғатын сипаттаған тұстары берілген, оның сөзінен еліне деген мақтаныш сезімі байқалады. | 1 | Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы жауап қабылданады. Тақырыпқа сәйкес болжам жасайды. |
| | | 1 | Өз болжамына дәлелді пікір айтады. |
| | Білім алушының ықтимал жауабы: Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет. Жерінің үлкендігі жағынан дүниежүзінде 9-орында. Жері шежірелі, кеңбайтақ. Жан-жануарлар мен өсімдіктерге өте бай. Елімізде дүние жүзіне танымал адамдар өте көп. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Елімізде әр ұлт өкілдеріне өмір сүру үшін жан-жақты жағдай жасалған. Барлық ұлт өкілдері өздерінің салт-дәстүрін, ұлттық тілін, дінін, киімдерін сақтап қалған. | 1 | Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы мәтін қабылданады. Тақырыпқа сәйкес мәтін құрастырады. |
| | | 1 | Оқиғаның бірізділігін сақтай отырып, тыңдалған мәтінмен жүйелі байланыстырады. |
| | | 1 | Ойын жүйелі, еркін жеткізеді. |
| | | 1 | Суреттерге/ иллюстрацияларға сәйкес мәліметтерді қамтиды. |
| | Барлығы | 6 | |

[6]

Балл қою кестесі

| Сөйлеу әрекеті | Жауап | Балл | Қосымша ақпарат |
|----------------|---|------|---|
| Оқылым | Жақсылық екен алғыс орады | 1 | Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы жауаптар қабылданады. |
| | Қолғабыс/Көрші әжейге көмектесу/Бата алу/... | 1 | |
| | Көрші әжейдің айтқан жылы сөздері көңілін өсірді/ Өзінің әжейге көмекші бола алғанына қуанды/... | 1 | |
| | Қуанды/қуанышқа бөленді | 1 | Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы сұрақтар мен жауаптар қабылданады |
| | Сен кейіпкер туралы қандай ойдасың?/ Нұргүл қандай бала?/ Кейіпкердің іс-әрекеті саған қандай сезім туғызды?/... | 1 | |
| | Мәтіннің кейіпкері өте адал, еңбекқор, үлкенді сыйлайтын бала/ Нұргүл өзінің шаршағанына, жасының кішілігіне қарамастан әжейге көмектесіп, оның айтқан жылы сөздеріне қуанып жүрді. | 1 | |
| Барлығы | | 6 | |

Балл қою кестесі

Балл қою кестесі

| Сөйлеу әрекеті | Жауап | Балл | Қосымша ақпарат |
|----------------|---|------|---|
| | Білім алушының ықтимал жауабы: Үйіне қуаныштан жүзі | 1 | Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы мәтін қабылданады. Мәтінге жаңа |

| | | | |
|---------|---|---|---|
| Жазылым | бал- бұл жанып жеткен Нұргүлді анасы мен кішкентай бауырлары қарсы алды. Нұргүл қолындағы тостақ толы жидені анасына ұсынды. Бауырлары піскен жидені таласа жеп, маз -мейрам. Нұргүл болса көрші әжейге жиде теруге көмектескенін, ол кісінің бата бергенін айтып тауыса алмай жатыр. Анасы қызына мейірлене карап, басынан сипады. | | оқиғалар/ кейіпкерлер қосып, жетілдіріп жазады. |
| | | 1 | Оқиғаның бірізділігін сақтай отырып, берілген мәтінмен жүйелі байланыстырады. |
| | | 1 | Ойын еркін, әсерлі етіп толық жеткізеді. |
| | | 1 | Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтайды. |
| | | 1 | Орфографиялық және пунктуациялық қателер жібермейді |
| | | 1 | Грамматикалық нормаларды сақтайды. |
| Барлығы | | 6 | |

«Менің Отаным - Қазақстан» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Пәні қазақ тілі

Күні

Сыныбы 4 « »

Оқушының аты- жөні

Орындау уақыты 20 минут

І нұсқа

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер, диалогті толықтыр. (Айтылым)

- Сен оқитын мектептің аты қандай?

- _____

- Сенің мектебің несімен ерекшеленеді?

- _____

- Сенің мектебіңде кітапхана бар ма?

- _____

2-тапсырма. Берілген сөздерді айтылуы бойынша жаз. (Жазылым)

| | |
|------------|--|
| бала кезде | |
| ата қоныс | |
| құнсыз | |

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жаз. (Жазылым)

Ақсу-Жабағылыда жазықтық, биік шыңдар, жартас....., таулар бар. Өзен..... мен сарқырама..... бар. Көгілдір биік таулар аспан... таласады. Теңіз деңгейінен 3000 м биіктікте орналасқан тастар..... сурет салынған. Тастарда жануар....., аң аулаған ежелгі адамдар бейнеленген.

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Тірек сөздердің астын сыз. Мәтіннің мазмұнын айт. (Оқылым және тыңдалым)

Қоңыр аю- жыртқыш аң. Көбіне өсімдікпен қоректенеді. Егер адам өзі соқтықпаса, өздігінен тиіспейді. Оның бір ерекшелігі - ақылдылығы. Егер қақпанға түссе, артқы аяғының көмегімен босанып, қашып кетеді де, екінші рет темір иісі шыққан жерге жоламайды. Екіншісі - иіс сезгіштігі. Дымқылданған жалпақ тұмсығы кез келген иісті тез айырад

Пәні қазақ тілі

Күні

Сыныбы 4 « »

Оқушының аты- жөні

Орындау уақыты -20 минут

II нұсқа

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер, диалогті толықтыр. (Айтылым)

- Сен тұратын ауылдың аты қандай?

- _____
- Сенің ауылың несімен ерекшеленеді?

- _____
- Сенің ауылыңда мұражай бар ма?

- _____

2-тапсырма. Берілген сөздерді айтылуы бойынша жаз

| | |
|---------|--|
| кұлын | |
| көк гүл | |
| ала кел | |

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жаз, (Жазылым)

Құстар..... тау да еркіндік мол. Олар..... орман ішінде еркін етіп шоқитыны көп. Жартастар..... ұларлар айқайлайды. Таңертеңнен кешке дейін Альпі ұзаққарғалары қарқылдап жүреді. Қалың шырша ормандарынан жапалақ..... кездестіруге болады. Орман..... жапалақтың жақын туысы – үкі кездеседі. Жапалақ пен үкі түңгі аңшы...

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Тірек сөздердің астын сыз. Мәтіннің мазмұнын айт. (Оқылым және тыңдалым)

Ораз көбіне қоян аулайды. Ондай кезде бүркіттің томағасын алып, әзірленіп отырады. Аң аулап дағдыланып қалған бүркіт қашып шыққан қоянды көргенде , бірер рет шаңқылдап шақырып жіберіп , талпына бастайды. Сол кезде Ораз бүркітін ұшырады.

Ол қашып бара жатқан қоянға тұра ұмтылмай , әуелі бойын жазып, биіктеп алады да, содан кейін қашып бара жатқан қоянға қарай құлдырай келіп құйылады.

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|---|------------|--|------|
| | | Білімалушы | |
| Сұрақтарға жауап беріп, диалогті толықтырады | 1 | - Сұрақтарға жауап беріп, диалогті толықтырады | 1 |
| Сөздердің айтылуы мен жазылуы бойынша сәйкестендіреді | 2 | - бірінші сөзді айтылуы бойынша жазады | 1 |
| | | - екінші сөзді айтылуы бойынша жазады | 1 |
| | | - үшінші сөзді айтылуы бойынша жазады | 1 |
| Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жазады | 3 | - бірінші сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазады | 1 |
| | | - екінші сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып | 1 |

| | | | |
|---|---|--|---------------------|
| | | жазады - үшінші сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазады - төртінші сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазады - бейінші сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазады | 1 1 1 |
| Мәтіннен негізгі ақпаратқа қатысты тірек сөздерді анықтайды | 4 | - мәтіннен тірек сөздерді анықтап, астын сызады, мәтіннің мазмұнын айтады | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

4.1.3.1 - сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлем мәдениетін сақтап, диалогке қатысу

4.4.1.3 - айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді анықтап жазу;

4.4.1.1 - сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану

4.1.1.1 - тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту

«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Пәні қазақ тілі

Күні

Сыныбы 4 « »

Оқушының аты- жөні

Орындау уақыты 20 минут

I нұсқа

1-тапсырма

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Ғажайып адам

Ертеде бір ғажайып адам болыпты. Ол кедей –кепшіктерге көмектесіп жүріпті. Бір күні ғажайып адам жоқшылықтан жүдеген баланы көреді. Ол баладан:

- Балақай, саған не болды? – деп сұрайды. Ешкімнен қайырым көрмеген бала оған:
- Сіз маған көмектесе аласыз ба? – дейді мұңайып.
- Мен үш тілегіңді орындай аламын.

Қуанып кеткен бала:

- Менің бірінші тілегім халқымның тұрмыс тіршілігі жақсарып, бейбітшілік орнаса деймін.

Екіншісі – ата-анамның еңбекпен еккен егіні қаулап шықсын деген тілек. Ал үшіншісі сіз сияқты ғажайып адам болсам, шіркін, - дейді.

- Балақай, мен сенің үш тілегіңді орындаймын. Бірақ, саған қоятын бір сұрағым бар.
- Ол қандай сұрақ?
- Неге мен сияқты ғажайып адам болғың келеді?
- Сіз сияқты адамдарға көмектескім келеді. Өйткені, адамдарға көмектескен маған ұнайды.

Сондықтан, мен көмекке мұқтаж адамдарға көмектесіп, алғыс алғым келеді.

Ғажайып адам баланың жауабына риза болып, оның үш тілегін орындайды. Ал бала ата-анасына, өзіне жақын жүрген барлық алампаларға жақсылық жасап, ол да «ғажайып адам» атаналы.

2. _____
3. _____

3. Мәтіннен пайымдау бөліктері жазылған бөлімді көшіріп жаз.

(4)

2 – тапсырма Тиісті тыныс белгілерді қойып, құрмалас сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қазақстанда көлдер көп жолда түсіп қалған нанды көрсең адам баспайтын жерге алып қой ақыл көпке жеткізеді қына тасқа бітеді білім басқа бітеді күзде ағаш бұтақтарынан жапырақтар түседі

(3)

3 – тапсырма

Кестеге сөз тіркестерін жаз.

| Сын есім + зат есім | Сан есім + зат есім | Зат есім + етістік |
|---------------------|---------------------|--------------------|
| | | |

(3)

| Бағалау критерииі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|---|------------|---|------|
| Мәтінге басқа қандай тақырып қояр едің? | 1 | Берілген мәтінге басқа тақырып қояды | 1 |
| Мәтінге сай жоспарды толықтыр | | Жоспардың негізгі бөлімін жазады. | 1 |
| | | Жоспардың қорытынды бөлімін жазады. | 1 |
| Мәтіннен пайымдау бөліктері жазылған бөлімді көшіріп жаз. | | Мәтіннен пайымдау бөліктері жазылған бөлімді көшіріп жазады | 1 |
| Тиісті тыныс белгілерді қойып, құрмалас | 2 | бірінші құрмалас сөйлемді көшіріп жазады | 1 |
| | | Екінші құрмалас сөйлемді | 1 |

| | | | |
|------------------------------|---|---|-----------|
| сөйлемдерді көшіріп жаз. | | көшіріп жазады | |
| | | Тиісті тыныс белгісін қояды Қатесіз көшіреді | 1 |
| Кестеге сөз тіркестерін жаз. | 3 | Сын есім + зат есімді жазады | 1 |
| | | Сан есім + зат есімді жазады | 1 |
| | | Зат есім + етістікті жазады | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Пәні қазақ тілі

Күні

Сыныбы 4 « »

Оқушының аты- жөні

Орындау уақыты 20 минут

II нұсқа

1-тапсырма

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Жаман жолдас

Екі жас кісі жолда келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен. Екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң, бұл жігіт ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді.

Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ жерге құлады да, өлген кісі болды да жатты. Естуі бар еді, «аю өлген кісіге тимейді » деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

- Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?

Әлсіз адам айтты:

- Аю құлағыма ақыл сыбырлады: «Екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма. өйткені басына іс түскен кезде олар қасыннан табылмауы мүмкін. Сондықтан дос

3.

(4)

2 – тапсырма Тиісті тыныс белгілерді қойып, құрмалас сөйлемдерді көшіріп жаз.

Сабақ аяқталды оқушылар үйлеріне қайтты сабақ аяқталды да оқушылар үйлеріне қайтты мәдениет үйінде концерт болды мәдениет үйінде концерт болып ауыл адамдары түгел жиналды

3 – тапсырма

Кестеге сөз тіркестерін жаз.

| Зат есім + етістік | Сан есім + зат есім | Сын есім + зат есім |
|--------------------|---------------------|---------------------|
| | | |

(3)

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|--|------------|---|-----------|
| Мәтінге басқа қандай тақырып қояр едің? | 1 | Берілген мәтінге басқа тақырып қояды | 1 |
| Мәтінге сай жоспарды толықтыр | | Жоспардың негізгі бөлімін жазады. | 1 |
| | | Жоспардың қорытынды бөлімін жазады. | 1 |
| Мәтіннен пайымдау бөліктері жазылған бөлімді көшіріп жаз. | | Мәтіннен пайымдау бөліктері жазылған бөлімді көшіріп жазады | 1 |
| Тиісті тыныс белгілерді қойып, құрмалас сөйлемдерді көшіріп жаз. | 2 | Бірінші құрмалас сөйлемді көшіріп жазады | 1 |
| | | Екінші құрмалас сөйлемді көшіріп жазады | 1 |
| | | Тиісті тыныс белгісін қояды Қатесіз көшіріп жазады | 1 |
| Кестеге сөз тіркестерін жаз. | 3 | Зат есім + етістік жазады | 1 |
| | | Сан есім + зат есімді жазады | 1 |
| | | Сын есім+зат есім жазады | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

Тоқсандық жиынтық бағалау 1 тоқсан

Пәні қазақ тілі

Күні

Сыныбы 4 « »


Оқушының аты – жөні

Орындау уақыты 45 минут

Тыңдалым және айтылым

1-тапсырма

Сызбада берілген тақырып пен тірек сөздерге сүйеніп, мәтіннің мазмұнына болжам жаса. Жасаған болжамыңның себебін түсіндір.



2-тапсырма

Берілген тірек сөздерді пайдаланып, «Мен тәуелсіз елдің ұланымын» тақырыбына монолог құрап айт

Тірек сөздер: мен, тәуелсіз ел, ұланы, Қазақстан, 1991 жыл, тәуелсіздік, ата – баба арманы, Елбасы, бақытты балалық шақ.

Оқылым

3-тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Өте ертеде бір дана қария дүниеден өтерінде қасына ұлын шақырып алып:

-Балам, дүниемен қоштасар күнім жақын.Өзіңе қалдырып бара жатқан асыл қазынам бар.Сен соны іздеп тап,ұқыпты пайдалан,ұқсатып қолдан,-депті

Күндердің күнінде бала әке қалдырған қазынаны іздеймін деп әбден шаршайды.Бірақ әкеден қалған қазына таптырмайды.Амалы таусылған бала ел ішіндегі көпті көрген бір қариядан ақыл сұрай барады.

-Әкеңнің сөзі рас, балам.Оның саған қалдырған қазына-мұрасы –тіл. Әкең сөзге шешен кісі еді ғой.Бәріміз де сөз асылын сенің әкеңнен үйрендік.Тілден қымбат қазына жоқ,-деп,кемеңгер қария аталы сөздің шешуін айтыпты.

1)Мәтіннің тақырыбын анықта.Ол үшін дұрыс нұсқасын таңда (V)

Асыл қазына туралы Дана қазына туралы

(1) Тілден қымбат қазына жоқ екендігі

2) Мәтінге қойылған ат ненің қысқаша атауы екенін белгіле (V)

(1) тақырып Негізгі ой

3) Негізгі ой айтылған мәтін бөлігін көшіріп жаз.

____(1)

4) Жазған сөйлемің жай сөйлем бе әлде құрмалас сөйлем бе?

(1)

5) Мәтінге жоспар құр. Ол үшін мәтіннің әр бөлігіне ат қой

1. _____

2. _____

3. _____

(3)

6) Мәтіннің қай түрі екенін анықтап, белгіле (V)

Әңгімелеу

Пайымдау

Сипаттау

на бір сұрақ құрастырып жаз.

(1)

(1)

Сөздердің қатесін түзеп жаз.

Жұмышшы, сембеді, жауыңгер, арғабак, ағ лақ, ала гел.

4.4.1.3 - айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді анықтап жазу;

4.1.4.1 - тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып монолог

